

Сауалнамадан өткен «SMART» бонустық бағдарламасының жазылушыларына қосымша бонустарды беру ережелері

Ұйымдастырушы – «Кселл» АҚ.

Сауалнама – Қатысушылардың пікірлерін анықтау және сұрақтарға жауап алу үшін жауап беру нұсқалары бар белгілі бір тақырып бойынша сұрақтар және/немесе тапсырмалар жиынтығы (болған жағдайында). Сауалнама Ұйымдастырушы, оның серіктестері немесе клиенттері атынан SMS немесе онлайн сұрақ-жауап жүргізу жолымен жүргізіледі.

Қатысушы - сауалнама өлшемдеріне сәйкес келетін және осы Ережелерде белгіленген талаптарды орындаған, «SMART» бонустық бағдарламасына қосылған, актив тауарлық белгісіндегі «Кселл» АҚ абоненттері. Сауалнамадан абонент тікелей өз қарауы мен еркіне сай өтеді.

1. Сауалнаманы Ұйымдастырушы келесідей ретте жүргізеді:
 - Интерактивті SMS-хабарлама жіберу арқылы, Қатысушының алынған SMS хабарламаға жауап беруі арқылы.
 - Қатысушы SMS арқылы веб сілтеме ұсынылатын веб ресурс арқылы өте отырып, сауалнаманы бастау үшін бірегей цифрлық код енгізуі тиіс. Қатысушыға сауалнамаға веб сілтеме көрсетілген SMS-пен бірегей цифрлық код жіберіледі және тек бір сауалнамадан өту үшін ғана жарамды болады.
2. Веб ресурс арқылы сауалнама Интернет болғанда, қолжетімді. Қатысушылар «Кселл» АҚ Мобильді интернетін пайдаланғанда, кіріс және шығыс интернет-трафик тарифтеледі.
3. Егер Қатысушыға Сауалнаманы өткені үшін Бонустың берілуіне кепілдік берілсе (ақшалай сыйақы, сыйлық, ынталандыру және т.б.), Сауалнамаға алынған SMS-те және Сауалнаманың өзінде міндетті түрде бұл туралы толық деректер болады.
4. Егер Сауалнама Қатысушыларға Бонусты ұсынуды қамтыса, Бонус сауалнамадан толық өткендігі үшін ғана беріледі. Бонустың берілгені туралы хабарлама SMS түрінде келіп түседі. Сауалнамадан толық өтпеген Қатысушыға Бонус берілмейді. Бонус сауалнамаға сілтеме және бірегей код сандық көрсетілген SMS алынған абоненттік нөмірге беріледі.
5. Сауалнамадан өту үшін Қатысушы Ұйымдастырушыдан Сауалнамадан өтуге шақыруы бар SMS хабарлама алуы керек. Әрбір Қатысушы Сауалнамадан бір ғана рет өте ала алады және одан толық өткен жағдайда Бонус алады (егер бұл Сауалнама шарттарымен ескерілсе), Сауалнамадан қайта өткені үшін Бонус берілмейді.
6. Кейбір сауалнамалар белгілі бір аудиторияға арналған, Қатысушының сауалнамадан өтуге лайықты ма екенін анықтау үшін сауалнаманың басында бірнеше нақтылау сұрақтары болуы мүмкін (скринерлер):
 - Қатысушы іріктеу параметрлеріне сәйкес болатын болса, онда сауалнама жалғастырылады.
 - егер Қатысушы іріктеу параметрлеріне сәйкес келмейтін болса, онда сауалнама тоқтатылып, Қатысушы сауалнамадан өтпеген болып саналады. Бұл жағдайда Қатысушыға Бонус берілмейді.
7. Осы Ережеде көрсетілген әрекеттерді орындаған Науқан қатысушылары осы арқылы өздерінің Науқан Ережесімен және Науқанға қатысу талаптарымен толық танысқандықтарын және олармен келісетіндіктерін растайды.
8. «SMART» бонустық бағдарламасы туралы толығырақ: <http://smart.activ.kz>
9. Сауалнамаға қатыса отырып, Қатысушы қатысуға және Ұйымдастырушының Қатысушының жеке деректерін пайдалануына (жинау және өңдеу) келісімін береді,

сондай-ақ Ұйымдастырушының жеке деректерді нарықтық зерттеулер жүргізу мақсатында жалпыланған немесе иесіздендірілген түрде пайдалануына келіседі.

- 10.** Ұйымдастырушы тиісті ақпаратты smart.activ.kz сайтына орналастыру арқылы осы Ережені өзгерту құқығын өзіне қалдырады.